

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЛЫ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН БАС КЕЙШКЕРЛЕРІ

Фольклортану ғылымы әр кезде де типология мәселелеріне көңіл бөліп келеді. Бірде тарихи байланыс аспектісі қаралса, бірде тарихи туыстық сипаты зерттеледі. Қазіргі кезде тарихи салыстырмалы әдіске баса назар аударылуда. Өйткені, жер жүзі халықтары фольклорындағы ұқсастықтың көптігі туыстық пен ауыстүйіс, яғни байланыс аясына сыймайды. Бұл құбылыс ауыз әдебиетінде негізгі жанрлардың бәріне тән [1, 235]. Соның ішінде, әсіресе, ертегілерді ерекше атауға болады.

Зерттеуші ғалымдар пікірінше, «хикая, ертегі» деген аты ертедегі, ертеде, ерте күндері деген сөздерден туған.

Түркі (осман) тілі сөздіктерінде ертегі «масал» деп айтылады. «Масал» термині араб тілінің «месел» сөзінен шыққан, мағынасы – айту, баяндау ерекшелігі. ХІХ ғасырға дейін Түркияда әңгіме, қисса, дастан, хикая «месел» деп айтылып келді, ал қазіргі таңда ертегі «масал» (masal) деген терминмен қолданылады.

Түркі халықтарының ертегілері сюжеттік, жанрлық, көркемдік және образдық жағынан негізінде біркелкі. Мұндай ұқсастық көптеген ғалымдардың көңілін аударған. Ресей ғалымы В.Я.Пропп ертегідегі

бірыңғайлық мәселесі бойынша көптеген ғылыми еңбектер жазды. Ол өзінің «Морфология сказки» (1928, 1969), «Исторические корни волшебной сказки» (1946) атты дүние жүзіне белгілі еңбектерінде жалпы ертегі композициясының біркелкілігін тарих пен этнография тұрғысынан зерттеп, заңдылықтарын ашып берді.

Ертегілердің сюжеті мен мотивін арнайы зерттеген Ресей фольклористері: В.Я.Пропп, А.Н.Веселовский, М.О.Косвен, В.П.Аникин, Е.М.Мелетинский т.б., қазақ ертегілерін жинақтап, халық ауыз әдебиетіне үлкен үлес қосқан ғалымдар: М.Әуезов, В.В.Радлов, С.Қасқабасов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Дауылбаев, М.Сейфуллин, О.Әлжанов, Б.Досымбетов, М.Ибрагимов т.б., түркі ертегілерін зерттеуге атсалысқан фольклористер: У.Гүнай, П.Боратов, Д.Немет, И.Кунеш, С.Сақаоғлу, Т.Мехмет т.б. Бұл фольклористер ертегі жанрының қырсырын ашып, өздерінің құнды еңбектерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Жалпы дүние жүзі ертегілері *хауанаттар*, *қиял-жазғайып* және *тұрмыстық* ертегілері сияқты түрлерге бөлінеді. Біздің ғылыми мақаламыз хайуанаттар туралы ертегілерге арналады.

Хайуанаттар жайындағы қазақ және түрік ертегілерін үш топқа жіктеуге болады. **Біріншісі** – шығу мерзімі жағынан ең көне миф жанрымен байланысты толық үзе қоймаған, жануарлардың пішініндегі немесе жүріс-тұрысындағы не болмаса мінез-құлқындағы, әйтеуір қандай да болмасын ерекшелігін түсіндіре баяндайтын **этиологиялық ертегілер**. **Екіншісі** – Шығыс пен Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүние жүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын **классикалық ертегілер**. Бұлар бүгінгі дәуірде балалардың үлесіне тиген. Қай елдің болмасын жануарлар жайындағы классикалық ертегілері адам мінезінің ақылдылық, ақымақтық, қулық-сұмдық сияқты жақтарын қарапайым аллегориялық формамен ашып береді. **үшінші топқа мысал ертегілер** (апологтар) жатады. Бұл ертегілер көбінесе кітаби болып келеді де, әдебиетке жықын тұрады. Мұнда жануарлар бейнесі шартты түрде алынғанмен, ғибрат ашық түрде айтылады [2, 189].

Хайуанаттар туралы ертегілер басқа ертегілерге қарағанда анағұрлым ерте пайда болған. Олар ежелгі дәуір адамдарының – бүкіл өмірі мен тыныстіршілігі өзінің аң аулаудан тапқан олжасына тәуелді балықшылар мен аңшылардың әрекеттеріне байланысты болды. Мұндай ертегілердің бас кейіпкерлері – хайуандар еді, ертегілердің өзінде ежелгі дәуір сенімдерінің іздері, атап айтқанда, адам мен хайуанаттардың етене байланыстары сеніміне негізделген тотемизм сақталып қалды. Ежелгі адам төңірегіндегі бәрін рухтандырып, өзінің қабілеті мен қасиеттерін бірдей бөліскен, аңдарды адамдарға жақын, тіпті «жануар кейіпіндегі адам» деп сенген. Сөйтіп олар ертегілерде өзара бір-бірімен әңгімелесіп, адамның сөйлеген сөздерін түсінеді.

Ежелгі дәуірдегі кейбір аңдарды киелі деп санап, қадір тұтқан, оларды өздерімен туыстас деп ойлаған, ал кейбір жануарларды рудың басшысы деп сенген. Осындай аңдардың мейірі түспесе, аңшылардың жолы болмайды деп түсінген. Сондықтан еркектер аң аулауға кеткенде, әйелдер үйде отырып, сол аңдарды мақтаған, оларға арнап неше түрлі әдемі әңгімелер, өлеңдер шығарған. Оларды өте күшті, айралы, айбарлы етіп бейнелеген. Мұндай мақтау ертегі мен әңгімелерді ол аңдар естиді, сонан соң мейірленеді деп сенген. Сөйтіп аңшыларға көмек болады деп есептеген.

Ал енді қазақ және түрік ертегілерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне келер болсақ, ең алдымен ертегіні айтқанда қолданылатын тәсіл қазақ ертегілерінде:

«Ерте, ерте, ертеде

Ешкі жүні бөртеде
Қырғауыл қызыл екен
Құйрық жүні ұзын екен»,

«Баяғы өткен заманда», «Бір бар екен, бір жоқ екен, немесе

«Бар екен, жоқ екен,
Бөрі бөлейлі екен
Түлкі жасауыл екен», –

деген сияқты айтылса [3. 18, 25], түрік ертегілерінде:

«Bir varmiю, bir yokmiю,
Evvel zaman izinde, kaibur saman izinde
develer telal iken, pireler iken»

немесе

Bir varmiю, bir yokmiю,
Her suz yasal iken,
Her юey masal iken», –

осы сияқты ертегінің көптеген басталу жолдары бар [4. 7, 16, 23]. Осы орайда ертегіні өткен шақта қолданып, белгілі бір дәуірде болғанын баяндамайды. Сонымен қатар қазақ және түрік ертегілерінің мазмұнында ұқсастықтар көп. Себебі, ұлт болып бөлінбей тұрған заманда түрік тілдес халықтардың халық ауыз әдебиеттері бір-біріне жақын болған.

Қазақ және түрік ертегілеріндегі жануарлардың сипаттамасы жалпы дүниежүзілік ертегілермен үндес келеді. Ертегілерде кең қолданылатын хайуанаттардың бірі – түлкі (Қазақ ертегілері: «Түлкі мен жолбарыс», «Қу түлкі», «Түлкі мен қоян», «Айлакер түлкі», «Түлкі мен қасқыр», Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен маймыл», «Түлкінің күлкісі», «Түлкі, қараторғай және қарға»; түрік ертегілері «Tilki», «Tilki ile kurt», «Aye ve tilki», «Tilki ile yilan», «Tilki ve kadin», «Tilki, horoz ve karga», «Tilki ile oduncu», «Tilki, maumun ve hayvanlar», «Aslan, kurt ve tilki» т.б.) Түлкі – өте қу, асқан айлакер, екі жүзді. Залымдылығының арқасында ол көбінесе жолбарыс, қасқыр, аю сияқты өзінен күшті жыртқыштарды үнемі жеңіп жүреді: еттің дәмін тат деп қасқырды қақпанға түсіреді, өзін ордан шығару үшін ешкіні алдап, мүйізін пайдаланады, аңқау аюдың масқарасын шығарады. Бірақ түлкінің осыншама айралы әрекеттері оның өзінен әлдеқайда әлсіз жануарлармен немесе адамдармен қақтығысы үстінде ашылып, я болмаса әшкерленіп отырады. Мәселен, бірде түлкі әтештен алданып қалады, бірде оны бөдене ақымақ қылып кетеді, тасбақа және кенемен жарыста жеңіліс табады, енді бірде малшының итінен қорқып зәресі кетеді. Түлкі өзінен күшті, бір-ақ ақыл-айласы төмен хайуандармен кездескенде дер уақытта олардан қулығы мен сұмдығын асырып отырады, ал өзінен әлсіздерге зұлымдық көрсеткенде, керісінше ақыл-айласынан айрылып, басқа жыртқыш-

тар сияқты жеңіліс табады. Түлкі образынан жалпы ертегі жанрына тән эстетика заңы анық байқалады. Ертегі қашан да әлсізді, жәбірленіп жапа шеккенді қорғайды, соны жақтайды.

Хайуанаттар туралы қазақ және түрік ертегілеріндегі екінші басты тұлға – қасқыр (қазақ ертегілері: «Түлкі мен қасқыр», «Қасқыр мен түлкі», «Қасқыр мен кірпі», «Қырық қасқыр, екі ешкі», «Қасқыр мен лақтар», «Қасқыр мен тотының айтысы», «Кедей мен қасқыр; түрік ертегілері: «Kurtla korek», «At ile kurt», «Aslan, kurt ve tilki», «Fakir ve kurt», «Kurtla adam» т.б.). Оның қылықтары да жалпыға мәлім – ақымақ та ашқарақ. Түлкінің алдағанына иланып, өзін өлімге құрбан етеді. Ешкі, қой, жылқы сияқты жануарлардан алданып қор болатын да қасқыр. Сонымен бірге қасқыр – зорлықшыл, сәтсіздікке көп ұшырайды. Ол әрі сараң, әрі көкірек. Қасқырдың басын көрсеткен қойдан қашатын жері де бар. Тіпті қиын-қыстау кезеңдерде ақылымен жол тауып кететін қозы мен лақтан әлсіз болып шығады.

Қазақ және түрік ертегілерінде бұлардан бас-қа арыстан, жолбарыс, аю сияқты жыртқыштар сирек кездеседі. Жолбарыс пен арыстан адуынды, бірақ ақыл-айласыз, қасқырмен ұқсастығы бар, әртүрлі ертегілік варианттарда олар бірін-бірі жиі алмастырып отырады. «Қазақ ертегілері: «Арстын мен тышқан», «Арыстан, қасқыр ыәм түлкі», «Арыстан, киік ыәм түлкі», «Мерт болған жолбарыс»; түрік ертегілері: «Aslanla fare», «Aslan ile tilki» т.б.). Аю – икемсіз де қарапайым (қазақ ертегілері: «Аю мен түлкі», «Аю мен маса», «Аю мен адамның достығы», түрік ертегілері: *Sыnger уькль еюек ile tuz уькль еюек, Kurt ile еюек* т.б.).

Ат, түйе, ит сияқты үй жануарлары қазақ және түрік ертегілерінде де орын алады, бірақ сирек кездеседі («Түйені көрсе жылқы неге қалтырады»; *At ile kurt Kurtla kцpek* т.б.).

Қазақ және түрік халықтарының фольклорында ат – поэтикалық тұлға. Батырлық, қиял-ғажайып ертегілер мен эпос қаһармандарының ең сенімді серіктері – осындай ғажайып аттар болып келеді. Сондықтан да прозамен баяндалатын жануарлар жайындағы ертегілерде ат образы көп қолданбайды.

Жануарлардың әртүрлі қылықтары жайында халықтың көптеген нақты да дәл байқаулары бейнеленген. Мысалы, ертегілерде біз есектің тек жазық жерлерде жайылатынын, ешкінің қияға әуестігін, тастан-тасқа секіретінін, түйенің шенгел бұтақтарына әуес келетінін көреміз. Ертегілерден түйелердің

қалайша күлге аунауға құмар келетінін, жылқы үйірлерінің қасқырдан қалай қашып құтылатынын және тағы осы сияқты көптеген нәрселерді білуге болады [2, 194.].

Жануарлар жайындағы ертегілер біздің түсінігімізге адамның мінезі мен оның моральдық қасиеттерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар табиғат сырлары мен құбылыстарына үңілуге, зеректілік пен байқампаздыққа баулыған.

Жалпы хайуанаттар туралы қазақ және түрік ертегілердің құрылымы айтарлықтай күрделі емес. Олардың композициялық негізі – жануарлар арасындағы кездесулер мен қақтығыстар тізбегі. Сондықтан да ертегілер баяндаулардан гөрі көбінесе диалогқа құрылады. Кей жағдайларда кездесулер көп болады, бірақ ертегіде олардың бір-екеуі ғана қайталанып отыруы дүниежүзілік фольклорда кең тараған «кумулятивтік композиция» деп аталады [2, 195]. Бұған «Айлакер тышқан», «Қотыр торғай», «Kapidaki реунir Zakal nasil kurtalasak ?» ертегілері мысал бола алады. Бұларға тән тізбекті композиция өте көне болып есептелінеді. Қазіргі кезде мұндай ертегілердің белгілі дәрежеде тәрбиелік мәні бар: мұнда заттар мен құбылыстар, адамдар мен жануарлар жалпылай байланыста қатыстырылып, бірінен-бірі алыс та шашыранды заттарды жақындастыруға тырысатын тәрізді.

Қазақ және түрік хайуанаттар туралы ертегілеріндегі мол үндестіктері, әуендестіктері қызық та, пайдалы зерттеулердің тақырыбы болмақ. Мұндай салыстыру фольклортану деңгейін биікке көтеріп, сындарлы ойлар тудырады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Ғылым, 1981.
2. *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.
3. Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер, I т. Алматы: Жазушы, 1988.
4. *Erdogan Tokmacioglu.* Ulkemden hayvan masallari. Can yayinlari, 2000.
5. *Umay Gunay.* Turk dunyasi el kitabi. Ikinci baski. Ankara, 1992.